

Түркістан облысы
Қазығұрт ауданы
Адами әлеуетті дамыту бөлімі
«Алтын сақа» бөбекжай – балабақшасы

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі
Тақырыбы:

"Бағдаршам"



«Құлыншак» ересектер тобы

Тәрбиешілер:
Сарыбаева Ж.
Шаханова Н.

Білім беру салалары: «Қатынас», «Шығармашылық», «Денсаулық», «Таным», «Әлеуметтік орта»

Тақырыбы: «Бағдаршам»

Мақсаты: Балалардың бағдаршам туралы түсінігін қалыптастыра отырып, жолда жүру ережесімен таныстыру, көшелер туралы ұғымды кеңейту, көшедегі көліктердің қозғалысына көңіл аударту, үлкендердің еңбегімен таныстыру.

Әдіс-тәсілдері: Аралас сабақ, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балалар, қане орнымыздан тұрып шаттық шеңбер құрайық. Шаттық шеңбері: -Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырайын: Үш көзі бар қаз-қатар, Кезек-кезек ашады. Үшеуінен байқасам, Үш түсті нұр шашады. -Дұрыс айтасындар. -Бағдаршам дегеніміз не? Ол қандай қызмет атқарады?	Балалар орындарынан тұрып шаттық шеңберін құрады. -Бағдаршам -Көшедегі көліктерге кедергі жасамау үшін, жаяу жүргіншілер көшеде жүру тәртібін сақтау үшін қызмет етеді.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Мен сендерге «Қоян мен кірпінің» бастан кешкен оқиғасын айтып берейін. «Қоян мен кірпі орманда өмір сүріпті. Екеуі дос болыпты. Бір күні қоян кірпіге	Балалар оқиғаны көрініс арқылы көрсетеді.

қалаға баруды ұсынады. Сонымен екеуі қалаға келеді». -Қалада олар биік-биік үйлерді, әдемі ғимараттарды, саябақтарды тамашалап және жолда зулап жүріп жатқан көліктерді көреді. Енді жолдың арғы бетіне өтейін десе, қалай өту керек екенін білмейді. Оларды байқап қалған бір бала жақындап келіп: - Сәлеметсіңдер ме қоян, кірпі, сендер мұнда не істеп тұрсындар - деп, сұрайды. - Біз жолдың арғы бетіне өте алмай тұрмыз – деп, қоян жауап береді. - Олай болса мен сендерге көмектесейін – дейді, балақай. Адамдар жолдан бағдаршамға қарап өтеді. Жол қиылысындағы бағдаршамның жанып, ауысып тұратын үш түсті көзі бар. Бірінші қызыл көзі жанғанда «тоқтап тұр» деген белгі береді. Сары түсі жанғанда «дайындал» деген белгі береді. Ал үшінші жасыл түсі жанғанда өтуге	
---	--

	болады. Балақай бағдаршам макетін қолдана отырып, түсіндіреді. -Сендер енді жол ережесін білетін болдыңдар. Жол ережесін мұқият сақтап жүрсеңдер ешқандай жол апаты болмайды – деп, түсіндірген балаға қоян мен кірпі алғыстарын білдіреді. Қоян мен кірпі балақаймен қоштасып, ормандағы үйлеріне қайтады. -Балалар, бағдаршам жолдан өту тәртібін реттейді екен. Сендер қандай жұмбақтар, тақпақтар білесіңдер? Кәусар Бір көзім «кідір» - дейді, Бір көзім «жүгір» - дейді, Бір көзім «абайла» - дейді, Қарап ал маңайға – деп Назар Қызыл көзін ашқанда, Сынық сүйем баспа алға, Сары көзін ашқанда, Қарап қалма аспаға, Жасыл көзін ашқанда, Жүре бергін жасқанба!	-Бағдаршам Балалар хормен айтады. (1, 2, 3) (3, 2, 1) -Ескерту белгісі -Тыйым салу белгісі Балалар қимыл-қозғалыс арқылы сергіту жаттығуын орындайды. Балалар барлығы бірге ойын ойнайды.
--	--	---

-Бағдаршамның неше көзі бар?

Санамақты бірге қайталайды.



Балалар үш топқа бөлініп топтық жұмыс жасайды.

Ал, енді кері санайық?
-Жарайсындар!

Назар

Қып-қызыл үш
бұрыш,
Ескерту белгісі мен
болам.
Мен берген белгіні
сақтан

Райымбек

Қызылмен боялған
шеңбермін,
Тыйымшыл белгімін,
қаталмын,
Мен тұрған жерлерде,
Қақың жоқ жүруге.

Сергіту сәті:

Кел, балалар тұрамыз,
Үлкен шеңбер
құрамыз.

Қолды алға созамыз,
Отырып бір тұрамыз,
Құстай қанат қағамыз,
Орнымызды табамыз.

	Ойын: «Бағдаршам» Ойынның шарты: Бағдаршамның қызыл көзі жанғанда балалар түп-түзу тұрады, сары көзі жанғанда қол шапалақтайды, жасыл көзі жанғанда билейді. Санамақ жаттау. Бір дегенім – білім, Екі дегенім – елім, Үш дегенім – үміт Жүрейік әрқашан күліп. Топтық жұмыс. Балалар үш топқа бөлініп бағдаршамды жапсырады. Қай топ жылдам әрі әдемі жапсырса, сол топ жеңіске жетеді. Шаттық шеңбері: Қызыл, сары, жасылмыз, Достармыз біз бәріміз. - Жарайсындар! - Бүгін бізде достық жеңіске жетті. Балалар, мен сендердің әрқашан тату дос болып жүрулеріңе тілектеспін.	
Рефлексивті-коррекциялау	- Сонымен біз не білдік? Жол жүрудің тәртібін, Ережесін білеміз. Сақтағанда қатерден,	- Бағдаршам туралы білдік.